



201__ жылғы _____
года _____

Астана, Үкімет Үйі

от «__» _____ 201__

№ _____

№ _____

№ исх: 20-8/998 от: 28.04.2017

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2017 жылғы 31 наурыздағы №ДС-89

Құрметті депутаттар!

Сіздің білім беру ұйымдарының дене шынықтыру мұғалімдерінің еңбек ақыларына қосымша ақыға және бюджеттен тыс қаражат есебінен оқушылар үшін спорт секцияларын дамытуды қаржыландыру тетігін енгізуге қатысты депутаттық сауалыңызға мынаны хабарлаймын.

Орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру пәні мұғалімдерінің жалақысына қосымша ақы төлеуге қатысты

Қаржы-экономикалық нақты мүмкіндіктерді ескере отырып еңбек ақысын төлеу жүйесін жетілдіру және бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбек ақысының деңгейін арттыру бойынша дәйекті шаралар қабылдануда.

2005 жылдан бастап жылсайын Елбасының Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде бюджеттік сала қызметкерлерінің еңбек ақысы бірнеше рет арттырылды, оның ішінде педагогтерге, сондай-ақ ерекше еңбек жағдайына қосымша төлем ақы белгіленген.

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап еңбекақы төлеудің¹ жаңа моделі енгізілді, оның нәтижесінде барлық азаматтық қызметшілердің, оның ішінде біліміне, біліктілігіне, қызметкердің еңбек өтіліне, сондай-ақ орындалатын жұмыстардың күрделілігіне және жағдайына қарамастан еңбек ақылары арттырылды.

Тұтастай алғанда, еңбекақының жаңа моделін енгізу азаматтық қызметкерлердің еңбек ақысының деңгейін орташа алғанда 30 пайызға, оның ішінде білім саласында 15%-дан 29%-ға дейін көтеруге мүмкіндік берді. Бұл мақсаттарға 2016 жылы республикалық бюджеттен 198,8 млрд теңге қосымша бөлінді.

¹ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен бекітілген

Жаңа моделді әзірлеу кезінде бірқатар қосымша ақылар мен үстемеақылар, оның ішінде мектептерде, барлық үлгідегі мен түрлердегі мектеп-интернаттарда балалардың салауатты өмір салты (бұдан әрі – СӨС) бағдарламасы бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізгені үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар оңтайландырылды.

СӨС үшін қосымша ақының оңтайландырылғанына қарамастан, жаңа модельдің енгізілуі дене шынықтыру пәні мұғалімінің жалақы мөлшерінің өсуін қамтамасыз етті. Егер бұрын жоғары білімді және 10 жыл жұмыс өтілі бар дене шынықтыру пәні мұғалымнің бір мөлшерлеме лауазымдық жалақысы СӨС үшін қосымша ақыны есепке ала отырып, қалалық жерде 55 мың теңгені және ауылдық жерде 67 мың теңгені құраған болса, жаңа модель кезінде ол қалада 60 мың теңгені, ауылдық жерде 76 мың теңгені құрайды.

Педагогтердің жалақысын арттыру мақсатында Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) жанынан орталық және жергілікті атқарушы органдардың, білім беру қызметкерлері, кәсіптік одақтарының қауымдастығы өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобы² құрылды.

Осы топтың жұмысы шеңберінде қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесінің проблемаларын халықаралық тәжірибені ескере отырып анықтау және қолданыстағы еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру бойынша, оның ішінде Сіздер көтеріп отырған мәселелер бойынша нақты ұсыныстар әзірлеу көзделіп отыр.

Бюджеттен тыс қаражат есебінен оқушылар үшін спорттық секцияларды дамыту тетігін енгізуге қатысты

Қолданыстағы заңнамамен оқушылар үшін сабақтан тыс спорт секцияларын бюджеттен тыс қаржыландыру тетіктері қарастырылды.

«Білім туралы» Заңның 63-бабының 3-тармағына сәйкес мектептердің мынадай көрсетілетін қызмет түрлерін ақылы негізде ұсынуға құқығы бар:

1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру, оның ішінде спорт саласындағы бейімділіктер мен қызығушылықтарды дамыту;

2) білім алушылар мен тәрбиеленушілер, педагог қызметкерлер мен ересек жұртшылық арасында әртүрлі іс-шаралар: спорт жарыстарын, семинарлар, кеңестер, конференциялар және т. б. ұйымдастыру және өткізу.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 70-бабына сәйкес көрсетілген қызметтерді іске асырудан түсетін ақша білім беру ұйымының өз иелігінде қалады және ол өз бетінше мұғалімнің еңбекақысын төлеуге бөлінеді.

Бұдан басқа, «Білім туралы» Заңның 61-бабына сәйкес білім беру ұйымдарын қаржыландыру көздерінің бірі қайырымдылық көмектен түсетін қаражат болып табылады, ол қаражат білім беру ұйымдарының қажеттіліктеріне жұмсалады.

Аталған қаражатты жұмсау Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесімен регламенттелген³.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың

² Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 20 сәуірдегі № 180 бұйрығы

³ Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығы

2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын⁴ іске асыру шеңберінде мектеп оқушыларын спорт секцияларымен, оның ішінде республикалық балалар мен жасөспірімдер спорттық турнирлерімен қамту үлесін 2019 жылға қарай 29%-ға дейін ұлғайту (қосымша білім берумен 70%-ға дейін), сондай-ақ мектептердің спорт залдарын және қосымша білім беру ұйымдарын заманауи жабдықпен жарақтандыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың жұмысын күшейту шаралары көзделген.

Жергілікті атқарушы органдар соңғы 5 жылда сабақтан тыс уақытта балаларды қамту жөнінде шара қабылдады, осыған орай оқушыларды аталған қызмет түрімен қамту 12,6 пайызға ұлғайтылды.

Жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың спортпен қамтылуын ұлғайту мақсатында Министрлік Студенттер және мектеп лигаларын қалыптастыру, студенттер мен мектеп лигалары арасында спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын⁵ бекітті.

Министрлік бұл бағыттағы жұмысты мүдделі мемлекеттік орталық және жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп жалғастыратын болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Б. Сағынтаев

⁴ Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы

⁵ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 549 бұйрығы